

Педагогик ылық кеңес

№1-хаттама

28.08. 2020-жыл

Катысқандар саны: 11.

Тақырыбы: «Балабақша –болашақ білімді үрпқтың кепілі».

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесін бекіту туралы. Менгеруші-А.Жаштаева.
2. «Педаготармен инновациялық жұмыс түрін үйымдастыру-бұғнгі күннің талабы.» .Баяндама.

Баяндамашы-М.Тұңғатова.

3. Тәрбиешілердың шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы. Менгеруші- А.С.Жаштаева.
4. Психологиялық тренинг туралы. Психолог- А.Бердібаева.
5. Ішкі еңбек тәртібі туралы. Менгеруші-А.Жаштаева.
6. Түрлі мәселелер. Мониторинг ,келісім-шарты . Менгеруші.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапаровна сөз сөйлемді. Ол өз сөзінде педагог –тәрбиешілерді 2020-2021 жаңа оқу жылымен құттықтағ ,еңбектеріне табыс ,отбасыларына амандық ,жаңа оқу жылында толағай табыстарға жете берулеріне тілек білдірді.Және балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оқу қызметтерінің сабак кестелерін талқылап,бекітіміз керек -деді . Сабак кестесінде айтарлықтай өгерістер жоқ.

Сөйлегендер:

К.Сүндетова ,тәрбиеші: Айша апайдың айтқан тілектеріне раҳмет айтамын. Жаңа оқу жылы құтты болсын,барлықтарыңызға шығармашылық табыстар тілеймін.Бала-біздің болашағымыз,бала- біздің мерейіміз.Тәрбие мен білім-егіз үғым .балаларымызды елін,жерін сүйетін патриот етіп тәрбиелей берейік. Аман-есен өсе берсін дегім келеді.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері М.Тұңғатова сөз сөйлемді. Ол өз сөзінде баяндама оқыды.
-« Қазіргі жас үрпақтың саналы да сапалы білім алуның бірден бір шарты-оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзіз түсінікті.Сондықтан ғылыми –техникалық прогресстен қалыспай ,жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдан ,өндеп,нәтижелі пайдалана білу—әрбір педагогтің негізгі міндеті болып табылады» деп баяндама оқыды.

Сөйлегендер:

А.Адилова,тәрбиеші: Маған әдіскер М.Тұңғатованың жасаған баяндамасы ұнады.Баяндамадан әлемдегі озық технологиядардың пайдалы жақтары қеңінен түсінікті етіп айтылды.. Қазіргі оқыту

саласында заманның дамуына қарай ілгерілеу бар, сондықтан әрбір педагог көштен қалып қоймай, жан-жақты ізденіп, өз білімін жетілдіріп отыруы тиіс.

3. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі А.Жаштаева сөз сейледі. Ол өз сөзінде жылдағы дәстүр бойынша тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекітіп берді.

1. «Жобалау әдісі» - А.Жаштаева
2. «Қимылды ойындар » - Г.Молдабек.
3. «Ертең терапиясы» Г.Молдабек.
4. «ТРИЗ»технологиясы. А.Баубекова.
5. «Салауатты өмір салты-дені сау үрпақ кепілі» Ж.Сейдазимова.
6. «Денсаулық»технологиясы. А.Адилва.

4. Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бердібаева сөз алды. Ол тәрбиешілермен психологиялық тренинг өткізді.

Сейлегендер:

Ж.Сейдазимова, тәрбиеші- Маған психолог Айтолқын апайдың тренингі қатты үнады. Бұл тренинг менің жүйкемді тынышталдырып, көніл-күйім жақсарып қалды, рахмет Айтолқынта апайға.

5. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сейледі. Ол өз сөзінде балабақшаның ішкі тәртібіне тоқталды.

-Күрметті әріптестер, әрбір мекеменің өдерінің ішкі тәртіп ережелері болады. Бұл ережелерге менгеруші қол қойып, мөрімен бекітеді. Ишкі тәртіпті бұзған қызметкерлерге ҚР Еңдек Кодексі бойынша тәртіптік жаза қолданылады. Ол туралы Еңбек Кодексінің 63, 64, 65, 66-баптарында жазылған. Біздің мекеменің де бекітілген ішкі тәртібі бар. Таңертен сағ. 8-де жұмысқа кешікпей келу. 18, 30-19-да жұмыстан үйге қайту. Түскі 13-14 сағат аралығында 1 сағат үзіліс беріледі. Блабақшаның аумағынан басшының рұқстасынсыз кетіп қалуға болмайды. Жатын бөлмедегі үйіктап жатқан балаларды тастап кетуге болмайды. Смартфон телефонды тек сабак үақытында тәрбиешілер қолданады, қалған үақытта сейлесуге рұқсат жоқ. Балабақша мүлкін ұқыпты ұстау қажет. Егер сынса, шығынды өтейсіздер, ол да Еңбек заңында айтылған. Эрбір іс-әрекеттпен тәртіп бұзғаны үшін қызметкерге бір тәртіптік жаза қолданылатынын ескертемін. Мысалы, таңертен кешігіп келсе, -ескерту. сабак жоспарын жазбай келсе-сөгіс, рұқсатсыз топты немесе мекемені тастап шығып кетсе-қатаң сөгіс берілумен қатар жұмыстан шығарылады, -деді менгеруші. Ал ата-аналар мен оның балаларына дөрекілік көрсетіп, немесе үрып, соқса және сол тәрбиешінің үстінен шағым түссе, тәртібін қарап, жұмыстан шығаруға және еңбек кітапшасына еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен бұзу, тоқтату, туралы шешім қабылданады. Сондықтан міндепті түрде ішкі тәртіпті бұлжытпай орында журу-әрбір қызметкердің міндепті. Эрбір жұмысты аса үлкен жауапкершілікпен атқарыныздар деймін. Истінізге сәттілік, шығармашылық табыстар тілеймін, - деді.

Сейлегендер:

Г.Молдабек ,тәрбиеші: Құрметті әріптер, бәріміз бала-шағамызға сәлде болса пайдамыз тисін деп, жұмысқа кіргенбіз. Әрқайысымыз саналы түрде жұмысқа кешікпей келіп, лауазымдық міндеттімізді үлкен жауапкершілікпен атқарсақ дейміз. Сондықтан ішкі тәртіп бәрімізге қатысты, жұмыстың сапасы артып, бала көбейсін десек, жұмысты тиянақты істеу керекпіз, -деді.

6. Тыңдалды Түрлі мәселе бойынша әдіскер М.Тұңғатова сөз сейледі. – Құрметті әіптестер, жаңартылған бағдарлама бойынша бойынша балалардың білім мен біліктілік деңгейін анықтауға бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтер түзу керекпіз Алдағы қыркүйек айының ішінде бастапқы мониторингті түзіп, 3 деңгей (1-денгей, 2-денгей, 3-денгей) бойынша бағалау жүргізініздер, -деді. Келесі мәселе, ата-аналардың келісім-шарты. Келісім шарт- бұл балабақшаның маңызды құжаттарының бірі. Бала балабақша смартнейшн порталына тіркелген күннен бастап, ата-анасы келісім –шартқа қол қою крек. Ата-анадан басқа баланы қамқоршылыққа алған заңды тұлға қол қоя алады.

Сейлегендер:

А. Баубекова, тәрбиеші; - біздің тәрбиелік жұмысымыздың маңызды бөлігі-ата-аналармен жылы қарым-қатынас, байланыс жасау. Ата-ана баласының тәрбиесіне, өміріне немқұрайды қарамай, белсене ат салысып жүруі керек деп ойлаймын. Біз де коммуникативті болуымыз керек.

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оқу-қызметтерінің сабак кестелері бекітілсін.
2. Әдіскер М.Тұңғатованың жасаған баяндамасына қанағаттанарлық деген баға берілсін және хаттамаға тігілсін.
3. Тәрбиешілердің тақырыптық-шығармашылық жұмыстары бекітілсін.
4. Психолог А.Бердібаеваның психологиялық тренингіне қанағаттанарлық деген баға берілсін және хаттамаға тігілсін.
5. Балабақша қызметкерлеріне арналған лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережелері туралы мкеңгерушінің бүйрықтарымен ресімделген ережелері көрнекі жерге ілінсін.
6. Балаларға арналған бастапқы мониторинг жүргізілсін. Мерзімі: 18.09.2020ж.

Кеңес төрайымы

А.С.Жаштаева.

Хатшы

К.Сундетова.

28.09.2020ж

Педагогика.тық кеңес.

№2-хаттама

28.11.2020ж.

Қатысқандар саны: 11.

Тақырыбы: «Әрбір бала жұлдыздай .Жарқырауға көмек бер!»

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші-А.Жаштаева.
2. «Дені сау шымыр,көңіл-күйі жайдары балаларды тәрбиелеу» Баяндама туралы. Баяндамыш-М.Тұңғатова.

3. Сөйлеуді дамыту мен бейнелеу жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізуде пайдаланылатын көрнекіліктер»туралы. Көрме. Әдіскер М.Тұңғатова.

4. Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау туралы. Менгеруші-А.Жаштаева.
5. «Бақылау және Басқару». Тақырыптық бақылау туралы. Менгеруші-А.Жаштаева.
6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог- А.Бердібекова.

1. Тыңдалды. Балабақаша менгерушісі Жаштаева Айша Сапаровна сөз сейледі. А) Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталды. Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері бекітілді.

Ә) Тәрбиешілерге тақырыптық щығармашылық жұмыстары бекітіліп берілді. Ішкі тәртіп ережелері көрнекі жерге ілінді. Балаларға арналған бастапқы мониторинг жүргізілді.

Балабақша қызметкерлеріне арналған лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережелері көрнекі жерге ілінді, қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді

2. Тыңдалды. Блабақша әдіскері М.Тұңғатова «Дені сау, шымыр, қаөңіл-күйі жайдары балаларды тәрбileйміз» атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер :Адилова Айгерім: Әдіскер Махпал апайдың баяндамасын мұқият тыңдадым, жақсы жасалған. Дені сау,

Шымыр болып өсken бала-білімді үрпақ болып шығатынына сенемін. Көп рахмет, Махпал апай.

3. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М. Тұңғатова сөз сейледі. Ол өз сөзінде 2020-жылдың 25-қазан күні тәрбиешілердің күшімен сейлеуді дамыту мен бейнелеу жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізуде өтетін көрнекіліктер көрмесі болып өткені туралы айтты, «Алтын адам», «Тәуелсіздік-тұғырым», «Ормандығы Марал» атты жұмыстар бисермен тоқылған . «Жазғы жайлау», «Сары

балапан» атты суреттер жүннен ,мақтадан жасалған,ал қалдық заттардан үй-жихаздаорын жасаған.Тәрбиешілердің барлықжұмыстарына 5деген баға беріледі ,-деді әдіскер.

4. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М.Тұңғатова сөз сөйлемінде ашық үйымдастырылған оқу қызметіне тоқталды.2020-жылдың 22-қазан кіні «Балапан » кіші тобында «Жемістер мен кекөністер » атты ашық үйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.Тәрбиеші- Баубекова Алмагул .
Тәрбиеші балаларды жартылай шеңберге тұрғызып жылулық шеңберін орындаады. «Біздің бақшамыздың аты не екен» деп сұрады.Балалар жауап бермегі.Жемістердің суретін көрсті. Келесі сәтте кекөністердің суретін көрсетті. Балаларға айтқызды.-Бұлар қайда өседі деп сұрады.Жерде деп жауап берді. Жетістігі: Сабакты қызықсыз,бір сарында өтті.Жетістігі жоқ.

Кемшілігі: Атрибуттары жоқ ,балалармен сұрақ-жауап кезінде ситуациядан шыға алмай балаларды шашыратып алды. Тілдік жаттығу жасау керек еді. Тәрбиеші Баубековаға 3(орта) деген баға беріледі ,-деді. Тәрбиешіге әдістемелік көмек көрсетілді деді әдіскер.

5.Тыңдалды. Балабақша менгерушісі А.Жашатаева сөз сөйлемінде. «Ақмарал» бебекжай балабақашасының «Айгөлек» ортаңғы тобында тәрбиеші Сундетова Клараның үйымдастырылған оқу қызметін өткізуімен «Бейнелеу » сурет салу оқу қызметі болып өтті.Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтарым». Тәрбиеші сабактың мақсаты мен міндеттерін жоспарына дұрыс жазған . Жоспарда «балалардың тілін дамыта отырып ,балаларға сурет салудың әдіс-тәсілдерін үйрту.деп жазған.. Сабак барысында тәрбиеші балаларды жылулық шкіберге тұрғызып,тақырыпқа сай ән айтқызды. Келесі сәтте жартылай шеңбер етіп отырғызып,топтағы ойыншықтармен таныстыруды. Тәрбиешінің соңынан балалардың барлығы бірге қайталады. «Мынау қандай ойыншық» -деп сұраған кезде балалар «доп,велосипед» деп жауап берді. Тәрбиеші балаларды «Шығармашылық, орталыққа апарып, қаламсапты ,қылқаламды оң қолға ұстап,қолдарының икемділілігне жаттығу жасатты,кішкене нұктеден бастап,қылқаламды дөңгелектей отырып,дөңгелекті өз осімен дөңгелектете бояу керектігін ,доп бейнесін асықпай байқап қарауды үйретті, үқыптылыққа баулып отырды. Осылайша, дөңгелек доп бейнесі пайда болатынын түсіндірді. Сондай- ақ велосипедтің дөңгелектерін де алдымен қаламмен дөңгелекті сыза отырып,қара түспен дөңгелекті бояу,дөңгелек сыртына дөңгелекті жағып жібермей үқыптылықпен бояу әдісін түсіндіре білді. Сергіту сәтінде балалар ойыншық туралы әнді хормен орындаады.

Балалар допты,велосипедті қызыға бояды. Тәрбиеші балалардың жұмысына кезек-көзек тоқталып,оларды мақтап,мадақтады.

Жетістігі: Балалардың тілдерін жаттықтыруды. Тақырыпқа сәйкес «ойыншығым менің » атты әнді балалар жақсы айтты. Сурет салу әдісін өте жақсы үйретті.

Кемшілігі:Көптеген балалар тапсырманы аяғына дейін бітіре алмай қалды. Тәрбиеші күннің 2- жартысында жалғастырамыз деп жауап берді. Қорытындылай келе,тәрбиеші Сундетова Клараға 5(өте жақсы)деген баға беріледі ,-деді менгеруші.

Жарыссызге шыққандар:

Адилова Айгерім.: -Тәрбиеші Сундетова Клара шынымен де оқу –әдістемелік жұмысын ойдағыдай үйымдастыра білді. Маған тәрбиешінің балаларды баурап алар жағымды даусы мен қызықты әдіс-тәсілдері үнады .

15 минут ішінде барлық бала тәртіпты болып отырды және сабакқа белсене қатысты.

Сүндетова Клара ,тәрбиеші: Мен Айш әпайдың айтқан сөдеріне толлықтай қосыламын.Әлі тәжірибеміз аз. Келесі жолы барлық іс-тәжірибелерім мен әдіс-тасілді кеңінен қамтып,стандарт бойынша сабақ өтуге бар күшімді саламын,-деді тәрбиеші.

6.Тыңдалды.Балабақшаның психология Бердібаева Айтолқын педагогтармен тренинг өткізді.Тренинг тақырыбы: «Жадырайық жайнайық,жылы лебізді болайық»

Тренинг тақырыптары.

1. «Сиқырлы қобдиша жаттығуы».
2. «Мен сізден үйренемін» жаттығуы.
3. «Ерекше орамал» жаттығуы.
4. «Би терапиясы».

Тәрбиешілер қызыға қатысты.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Әдіскер М.Тұңғатованың баяндамасы хаттамаға тігілсін.
3. Тәрбиешілердің үйымдастырған көрмесіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.
4. Ашық үйымдастырылған оқу іс-әрекетін тәрбиеші А.Баубековаға 3(орта) деген баға берілсін.
5. « Бақылау және Басқару» бойынша тақырыптық текстеруде үйымдастырылған оқу-іс әрекет өткізген тәрбиеші К.Сүндетоваға 4(жақсы) деген баға берілсін.
- 6.. Психологиялық тренинг өткізген Бердібаева Айтолқынға 4(жақсы) деген баға берілсін және құжаттары хаттамаға тігілсін.

Кеңес төрайымы

А.С.Жаштаева.

Хатшы

Г.Молдабек

28.11.2020 жыл

Педагогикалық, кеңес

№3-хаттама

28.01.2021.ж.

Катысқандар саны:11

Тақырыбы «Тәні саудың-дені сау»

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші А.Жашатаева.
2. «Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын үйымдастыру сапасы»туралы .Баяндама. (Медбике Ж.Сатыбалдиева)
- 3.Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістер(пікір алмасу)туралы. Әдіскер М.Тұнғатова.
- 4.Ашық оқу қызметтерін талдау туралы. Менгеруші.А.Жаштаева
- 5.Бақылау және Басқару туралы. Менгеруші.А.Жаштаева
6. Іскер ойын.
 1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.Әдіскер М.Тұнғатованың жсаған баяндамасы хаттамаға тігілді. «Бақылау және Басқару» бойынша бақылаудан өткен тәрбиеші Сүндетова Клара жіберілген кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарды.Психолог А.Бердібаеваның жасаған психологиялық тренингі хаттамаға тігілді. Ашық сабак өткізген А.Баубекова жіберген кемшіліктерді жою мақсатында қайта сабак өтті.
 2. Тыңдалды. Балабақша медбикесі Сатыбалды Жібек «Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысанын үйымдастыру сапасы. » ьяқырыбында баяндама жасады.

Сөйлегендер:

Молдабек Гүлчехра ,тәрбиеші: -Маған мед.биеkeнің жасаған баяндамасы ұнады. Расында тәні сау бала –дені сау болып өседі.Әсіресе ,Күн режимін бұзбай ,үнемі денелерін шынықтырып отырсақ ,балаға бос үақытында түрлі ойындар үйымдастыrsaқ, онда бала міндетті түрде тұрақты режимге үйренері сөсз.Мен баяндама жақсы жасалған деп айта аламын.

3 Тыңдалды. Балабақша әдісері М.Тұнғатова тәрбиешілермен «балаларды бейнелеуге үйретудегі қолданылатын әдістер » туралы пікір аламсуға сұхбат үйымдастырыды. Барлық тіәрбиешілер ТРИЗ технологиясына тоқталды. Мысалы,Сүндетова Клара ақ қағаз бетіне желім жағып шығып,манка жармасын сеүіп, қыс мезгілін бейнелеуге болады деді. Ал,Адилова Айгерім «эстамп » әдісін, «жіпті бояуға батыру», «қаламсап түтікшесін бояуға батырып,қағаз бетіне шашыратып бүркүй» әдістерін айттып,жақсы мағлumat берді.

4.Тыңдалды. Балабақша менгерушісі А Жаштаева сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2020 –жылдың қаңтар айында барлық топтарға ашық үйымдастырылған оқу қызметтері жоспарланған еді.

2021жылдың 18-қаңтар күні «Балапан» кіші тобында «Дүкенге саяхат » атты мақсатты серуен болып өтті.Тәрбиеші—Баубекова Алмагул.

Ойын бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген.Дүкен мақетін пайдаланған.

Дүкен сөрелерінде түрлі тұтынушы заттар ме ойыншықтар топтастырылған. Тәрбиеші балаларды шеңберге түрғызып,жылулық шеңберін орындаған. «Дүкенге серуенге барғыларың келеді ме» деп сұрады. Сауықтыруға арналған түйме іздерімен жүргізді. Ұалаларды «дүкенге» алып барып,сатушымен ,заттармен таныстырыды. Дүкенші балалардың көңілін ойыншықтарға аударды. Қатты және жұмсақ заттар туралы түсінік беріп,сергітісітін үйымдастырыды. Топқа келген соң серуенде қорытындылап ,балаларды мақтап,мадақтады.

Кемшілігі: серуенге арналған көрнекіліктері көп,сапасы жақсы.

Кемшілігі: Балалармен тілдік-сөздік жұмыс орындаған жоқ, тақпактар,ән айтқызу керек еді.

Қорыта келе безендіруіне -4.оқу қызметіне-3(орта) деген баға берілсін. Тәрбиешіге әдістемелік кемек көрсетілді.

-2021-жылдың 22-қаңтар күні «Балдырған » ересек тобында «Таным», «Құрастыру» білім саласы бойынша «Әсем мұнаралар» атты ашық үйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Тәрбиеші-Адилова Айгерім. Тәрбиеші балаларға жылулық шкібер жасатты. Айзада дген бұлдіршін қыз топқа кешігіп келді. «Сен Айзада ,сен неге кешігіп жүрсің» деген сұраққа «Мен анашыммен бірге Астанаға барып қайттым» де жауап берді. Тәрбиеші-Астанада не көрдің .-«Бәйтерек», «Ақ Орда», «Ханшатыр».Осылайша тәрбиеші мотивациялық-ой-қозғауышы әрекет жасады. Келесі сәтте Тәрбиеші балаларды 3 топқа бөліп,1-топ-Мұнара,2-топ-көпір,3-топ-көпқабатты үй құрастырасындар ,деді. Балалар Зтопқа бөлініп,лего-құрастырыштармен тапсырманы орындады.Сергіту сәтінда «Жау жаңбыр» әнін хормен айтты.

Жетістігі: Мотивациялық әрекет өте жақсы үйымдастырылды. Балалар тапсырмаларды дұрыс орындағы.Хор жақсы шықты.

Кемшілігі: Балалар өте қатты шулады. Тәрбиеші кейбір ситуациядан шыға алмады.

Балалар тақпақтарын толық айта аламады. Қорыта келе,Адилова Айгерімге 4(жақсы) деген баға беріледі,-деді менгеруші.

2021-жылдың 23-қаңтар күні «Айғөлек» ортаңғы тобында «Үй және жабайы жануарлар» атты ашық үйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Тәрбиеші-Сұндетова Клара.

Ойын бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген . Тәрбиеші:-Қазір жылдың қай мезгілі?,-Қыс ,-деп балалар жауап берді. –Қыста қандай өзгерістер болады? –Қар жауады ,күн сұтып аяз болады.

-Балалар, сендерді і нжу әже қонаққа шақырып жатыр,барғыларың келеді ме ? Олай болса ,қазір жолда бізге түрлі жануарлар кездеседі ,алдымен олардың суреттерімен танысып алайық. Қазір мен тақтаның оң жағына үй жануарларын,ал сол жағына жабайы жануарларды орналастырамын.- Сендер қандай жануарлар екенін табындаршы?Тәрбиеші балаларға жануарлардың суреттерін көрсете бастады. Балалар дұрыс тапты және орыс тілінде қалай аталатынын да дұрыс айтты.Мінезі

түйік балалар да белсенділік танытты. Келесі сәтте балалар автобуспен әжениң аулына барды. 1-аялдамада «Хайуанаттар әлеміне» тоқталды. Ол жерде олар жыртқыш жабайы андармен (қасқыр, тұлқі, ау) танысты. Келесі аялдама « Эженің ауылы».Ол жерде балалар үй жануарларымен (қой, ешкі сиыр, мысық, ит) танысты. Эжеге өлең, тақпақ айтып берді.Келесі сәтте балалар топқа келіп, шығармашылық орталығына барып, «жапсыру » білім бөлімін өтті.Тәрбиеші балаларды З топқа бөліп, «қойларға мал қора» жапсыруды жасаймыз, сіріңкелерді желімге батырып, мал қора жасады, балалар. 2-топ балалары ақ қағаз бетіне желімдеп отырып, манка жармасынан «қар » жасады. Балалар қызыға орындады. Тәрбиеші оқу қызметін қорытыныңылап, балаларды мақтап, мадақтады.

Жетістігі: Көрнекіліктер сапалы жасалған. Слайд, ноутбукті тиімді қолданған. «Картинамен жұмыс», «автобуспен саяхат», жапсыру, өлең – тақпақтарды жақсы айтты. Өте жақсы дайындалған.

Кемшілігі: «Хайуанаттар әлемі», -ол абстрактылы ұғым. Бұлдіршендерге абстрактылы ұғым беруге тым ерте. «Зообақ», Зоопарк сездерін қолдану керек. Кеңістікті болжау, математикалық ұғымдар, қолданбады. «Төлдерін» атап, санау керек еді. Және «төлдер қалай дыбыстыайды?» деп міндепті турде дауысты-дыбыстық жаттығу жасату керек еді. Қорыта келе. Тәрбиеші Сүндетова Клараға безендіруіне-5, оқу-қызметіне-4 деген баға беріледі, -деді.

2021-жылдың 24-қаңтар күні «Балдырган» ересек тобында «Веселые игрушки» атты үйімдастырылған оқу қызметі болып өтті. Орыс тілі пән мұғалімі – Тажидинова Гүлнар.

Педагог сабағын «Круг путешествия» дан бастады. –Здравствуй солнце золотое ,Здравствуй небо голубое . Здравствуйте мои друзья, очень рад вас видеть я. –Дети к нам в гости пришла Маша ,деп мотивациялық әрекет орындады. –Маша , сколько тут у нас игрушек? –Много.-Какие игрушки вы видите? –Барабан, мяч, мишка, велосипед, зайчик, собачка, деп балалар жауап берді. – Ребята, давайте расскажем стихки про игрушек? Балалар: Аяулым, Эсем, Сезім, Айзада, орыс тілінде тақпақтар айты «Раз, два ,три ,четыре ,пять» деген орысша санамақ айтты. Улken – большой, кішкентай- маленький деп қазақша -орысша жауап берді. Келесі сәтте «Словарная работа » сездік жұмыс жүргізді. Сабакты қорытыныңылап балаларды мақтап, мадақтады.

Жетістігі: Ойыншықтар мен көрнекіліктер көп. АКТ қолданды.

Кемшілігі: Балалар түстерді орыс тілінде айта алмады. Орысша сездер анық емес.

Қорытындылай кел педагог Г Тажидинова Гүлнарға 4(жақсы) деген баға беріледі деді.

2021-жылдың 25-қаңтар «Еркетай » ерте жас тобында «Әжемнің құрттары» автты ашық сабак болып өтті. Тәрбиеші –Молдабек Гүлчехра. Ойын бөлмесі әсем безендірілген. Көрнекіліктері сапалы, тақырыпқа сай жасалған. «Автобустың» макеті көз тартады. Киіз үй , ауылда тұратын аже, бәрі тақырыпқа сай болды. Тәрбиеші балаларды шеңберге түргызып, «шаттық шеңберін» орындаатты. шапалақтады. «Автобусқа мініп» әжеміздің аулына барамыз деді. Балалар бәрі мініп барды. Эже балалардың алдынан шығып, сәлемдесті. Тәрбиеші балаларды отырғызып, ермексаздан жұлмалау , домалақтау әдісі бойынша құрт жасады. Эже балаларға «бауырсақ» еретегісін айттып берді. Келесі сәтте балалар әжемнің қоштасып, бәрі балабақшаға келді. Тәрбиеші сұрақ-жакап жүргізіп балаларды мақтап, мадақтап, сабағын аяқтады.

Жетістігі: Көрнекіліктері жақсы, сапалы. Тақырыпты аша білді. Даус ырғағы жақсы.

Кемшілігі: Баларға құрт, домалақ, аже, автобус деп сездік жұмыс жасау керек еді.

Қорытындылай келе, тәрбиеші Г.Молдабекке 4(жақсы) деген баға беріледі,-деді менгеруші.

Сөйлегендер:

Құрбанова Сауле, тәрбиеші : тілдік –сөздік жаттығуды жоспарға еңгізбеген екенмін ,Ендігі жолы үмытпай, міндетті турде жоспарлап тілдерін дамытамын.

Адилова Айгерім: Бұл жолы менің денсаулығымның болмауына байланысты ашық сабакқа толық дайындала аламадым. Ендігі жолы будан да жақсы дайындаламын .

5. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемі : - 2020-жылы 28-желтоқсанда «Бақылау және Басқару » бойынша қорытынды тексеру болып өтті.

мониторингтің 3 деңгейіне тоқталар болсам, Балабақша бойынша «Денсаулық сақтау » дағдысы бойынша қалыптасу деңгейі :1)2-денгей-45,7 пайыз. 3-денгей -54,3 пайыз.

2) «Коммуникация» тілдік дағдылар: 3-денгей-35 П., 2-Денгей-31,3., 1-денгей-27,2.

3) «Танымдық дағдылар»: 3-денгей-28,6., 2-денгей- 44., 1-денгей-28,4.

4) «Әлеуметтік дағдылар»: 3-денгей-12., 2-денгей-68,0.1-денгей-30,8.

5) «Шығармашылық дағдылар»: 3-денгей-28,4., 2-денгей-64,2 . 1-денгей-7,4.

Ал енрді, тәрбиешілердің біліктілік деңгейін анықтайдын мониторинг:

1) Молдабек Г.-3-ДЕҢГЕЙ

2) Құрбанова С.-2-ДЕҢГЕЙ.

3) Әлзатова Н.-2-денгей.

4) Адилова А.3-денгей.,

5) Баубекова А. -2-ДЕҢГЕЙ

6) Сейдазимова Ж. -2-денгей.

7) Сұндетова К-2-денгей.

6. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М. Тұнғатова педагог –тәрбиешілерге арнап Іскер ойын үйімдастырыды . Эрбір тәрбиеші ортаға шығып, берілген тапсырма бойынша қысқаша үйімдастырылған оқу қызметінің жоспарын түзіп, қандай технологиямен өтетінін , қандай адістасілдер қолданатынын түсіндірді. Тәрбиешілер тақырыптарын алып болған соң, 5 минут дайындалып, өз кезегімен жоспарларымен таныстырып, сабак барысын түсіндіре бастады.

Сөйлегендер:

Баубекова Алмагүл, тәрбиеші : -Маған ғұрынғы үйымдастырылған «Іскер ойын» ұнады. Әлі де болса білгенімізден білмегеніміз көп дкеп ойлаймын. Келесі жолыф арбір іскер ойынға белсене қатысатын боламын.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Медбике Ж.Сатыбалдының жасаған баяндамасы хаттамаға тігілсін.
3. Педагог –тәрбиешілердің «пікір алмасу » жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берілсін.
4. Ашық үйымдастырылған оқу қызметіне: 1) Тәрбиеші А.баубековаға 3(орта) деген баға берілсін.
2) Тәрбиеші А.Адиловаға 4(жақсы) деген баға берілсін.
3) Тәрбиеші К.Сұндетоваға 4(жақсы) деген баға берілсін.
4) Орыс тілі пәні мұғалімі Г.Тажидиноваға 4(жақсы) деген баға берілсін.
5) Тәрбиеші Г.Молдабекке 4(жақсы) деген баға берілсін.
5. «Бақылау және Басқару» тақырыбы бойынша «Мониторинг» есебінің қорытындысы хаттамаға тігілсін.
6. «Іскер ойын» өткізген әдіскер М.Тұнғатоловаға 4(жаксы) деген баға берілсін.

Кеңес тәрайымы

А. С.Жаштаева.

Хатшы:

К.Сұндетова.

28.01.2021 жыл.

Педагогикалық кеңес

№4-Хаттама

29.04.2021ж.

Қатысқандар саны: 11

Тақырыбы : «Бала –біздің болашағымыз»

Күн тәртібінде :

1. Откен кеңес шағашында орындалуы туралы. Менгеруші А.Жаштаева
2. «Бала өміріндегі ұлттық музыканың маңызы». Баяндама. Әдіскер М.Тұнғатова.
3. «Бақылау мен басқару». Серуен қалай үйымдастырылууда (барлық топтарда). Тақырыптық тексеру туралы..Менгеруші.

4. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бердібаева.

5. Іскер ойын. Әдіскер М.Тұнғатова

6. Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау, бағалау.Менгеруші А.Жаштаева

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді.

Ол өз сезінде: Аралық мониторинг бойынша балалардың даму карталарын зерделей отырып топта балалармен жеке жұмыс жүргізілді. Психолог А.Бердібаевың баяндамасы хаттамаға тігілді.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М.Тұнғатова сөз сөйлемді . Ол «Бала өміріндегі ұлттық музыканың маңызы» атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер :

Адилова Айгерім, тәрбиеші- Баяндама жақсы жазылған . Расында, бұдіршіндерге жастайынан ұлттық музыканы тыңдатып , саналарына қабылдаса, ол балалар болашақта мейірімді, сезімтал, ігі адам болып қалыптасатыны сөзсіз. Рахмет баяндаманызға.

3. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді.

Жылдық жоспарда белгіленген іс-шпрпның бірі –«Бақылау және басқару ». 2021-жылдың 28-наурыз күні «Серуен үйымдастырылған қызметтің сапасы » атты барлық топтарда тексеру жүргізілді.

Серуеннің негізгі мақсаты: 1. Табиғат құбылдыстарын бақылау. 2. сюжеттік-рөлдік ойындар. 3 Еркін ойындар ойнату.

1. «Еркетай» ерте жас тобы (тәрбиеші-Молдабек Г.) және «Балапан » кіші тобы.(тәрбиеші Сундетова К.) Екі топта да доппен ойын ойнартты. Еркетай балалары «қояным» ойынын ойнады.

Келесі сәтте тәрбиешілер балалардың көк аспанға ,ақ бүлттарға ,күннің шуағына назарларын аударды. Ал кіші топ тәрбиешісі «Қимылды-әуенде ойын үйымдастырыды ». Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр». Балалар қызыға ойнады. Сондай –ақ, «Айгөлек» ортаңғы тобы және ересек топ тәрбиеленушілері де серуенге шығып, табиғат құбылыстарын(жел,күн, шапағы, ағаштар) бақылауды. Ортаңғы і топ тәрб.-М.Еспенбетова,ересек топ тәрб.-А.Адилова. Келесі сәтте екі топтың да балалары «Қуыршақтар театрын » тамашалады. Ортаңғы топ тәрбиешісі М.Еспенбетова балаларды қатарға тұрғызып , «Әнұранды » айтқыза отырып ,саппен жүргізді.Балабақша ауласындағы орындыққа жайғастырып, «Үйшік» ертегісін рөлге беліп ойнattы. Балалардың сәздік қоры дамыды.

Кемшіліктөрі : Балалардың тілдік-сәздік қоры мен танымдық қабілеттерін дамытуға көбірек жұмыс жүргізу керек. Сондай –ақ көрнекіліктер,мысалы,муляждар,қуыршақтар,құрсаулар көбірек болу керек.

Жетістігі: Серуенді 3 бөлімде үйымдастыра білді.

Ұсыныс: оқу материалдарын сабакта кеңінен қолдану қолға алынсын.

Балалардың тілдік-сәздік қорын дамыту үшін ертегіні өздеріне айтқызып үйрету керек.

Барлық топ тәрбиешілеріне 4(жақсы) деген баға беріледі деді менгеруші.

Сейлекендер.

К.Сүндетова ,тәрбиеші: Айша Сапарқызының айтқанына толық қосыламыз. Мін айтылмай сын түзелмейді деген бар ғой. Алдағы ұақытта ескеретін боламыз.

4.Тыңдалды. Балабақша психология А.Бердібаева педагогтарға арнап , «Мен ғажаптын» психологиялық тренинг өткізді.Әрбір тәрбиеші 5-6 сәзден тұратын тренинг өткізді.Мысалы,тау,ағаш,үй,жол,сақина,-осы сәздерден тұратын сурет салу керек. Соңында,психолог тәрбиешілердің жұмыс-дәптерлерін жинап,келесі күні талдау жүргіzetінін айтты.

5. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М.Тұнғатова тәрбиешілермен «Іскер ойын» өткізді. Ойынның мақсаты: Сурет салу сабағында сурет салудың әдістерін 3-5 жас аралығындағы балаларға үйретудің жолдары туралы ойын жүргізді. Тәрбиешілерге түрлі қаламдар мен желімдер берілді.Алдарында жатқан үлгі суреттерді түрлі жолдармен : бояуға ұмаждалған қағазды малып,парақ бетіне батыру(оттиск). Монотипия ,картоп,сабізден түрлі фигуralар жасап,бояуға батырып,ақ қағаз бетіне басу.Трафарет және т.б. әдістерді тәрбиешілер үйреніп шықты.Және алдағы үқытта сабак жоспарларына ендіретін болады.

Сейлекендер:

Құрбанова Сауле,тәрбиеші,-Бүтінгі «Іскер ойын» маған өте үнады.Нәтижесінде сурет салудың техникасын,жалпы түрлі әдістерімен таныстық.Рахмет.

6.Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Айша Сапар қызы сейледі.Ол өз сөзінде оқу барысында үйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне тоқталды.

2021-жылдың 23-сәуір күні «Балдырған» ортаңғы тобында «Біз бақытты баламыз» атты тренинг үйімдастырылды. Өткізген-психолог Бердібаева Айтолқын. Бірінші ,балаларға жылулық шенбер жасатты.Кенет сәбидің жылаған даусы естілді. Бір бүлдіршін үлкен қызыл жүректі (макет) топқа алып кіреді. Психолог-жүрек жылап жатыр екен.,балалар.Жылама деп айтайықшы. Балалар:- Жүрек,біз сені жақсы көреміз.,жылама. Келесі сәтте психолог балаларға түрлі түсті таяқшаларды түстеріне қарай топтастыруды ұсынды. Балалар топтастырыды. «Пирамиданы жинаймыз» деді. Бір балақай кішіден үлкенге қарай дұрыс жинастырыды. 2-бала үлкеннен кішіге қарай жинап,шатастырып алды.Бұл жерде баланың зейіні төмен екені байқалады. «Пішіндердің үқсасын тап» ойынын ойнатты.

Жетістігі. Қорнекіліктері,материалдары тақырыпқа сай.,ұсақ-қол моторикасын дамыту мақсатында көрініс тапқан.Балалармен құммен ойын жүргізді.

Кемшілігі: сабақ тақырыбын қара түспен жазған.көк немесе қызыл түсті қолданғанда балаға он әсер ететіні анық. Балалардың зейіні төмен.

Ұсыныс:

-Балалардың 5 түйсігін дамытуға арналған сабактарды көбірек етініз.деді меңгеруші.

Психолог А.Бердібаева-Рахмет апай,сыннан натиже шығаруға,көбірек сабак өтуге тырысамын.

2021-жылдың 16-сәуір күні «Балапан» кіші тобында «Су-тіршілік көзі » атты ашық үйімдастырылған оқу қызметі Тәрбиеші-Құрбанова Сәуле . Тәрбиеші балаларға жылкылыш шенберін орындаған.Балаларды жартылай шенбер етіп отырғызып,саibaқты бастады.Сабын ,су,шай,сүт,мұз ,бу туралы түсінік берді. Саяхатқа өзенге барып(ноутбук) арқылы сылдырап ақсан суды көрсетеді.Судың қажеттілігін айтып берді және балаларға тақпақтар айтқызды.Топақа қайтып келіп су туралы эксперимент жасады. Балаларға қызықты болды. Келесі сәтте сергіту сәтін жасатты. Пойыз-пойыз ойынын ойнатты.Сұрақ-жауап жүргізіп ,сабакты қорытынышылады. Балаларды мақтап,мадақтады. Жұлдызшалар таратты.

Кемшілігі: Дене шынықтыру элементтерін қосу керек еді,соңында ақ параққа көк түсті бояуды қағаз бетіне бояту керек еді.

Жетістігі: Балалар тақпақтарын жақсы жаттаған. Тәрбиешіге 4 (жақсы) деңгеген баға беріледі.

2021-жылдың 25-сәуір күні «Айғөлек» ортаңғы тобында ашық ҰОҚ болып өтті.Сабактың тақырыбы: «Ара,ара,аралар» Тәрбиеші-А.Адилова. Тәрбиеші балаларды шкіберге тұрғызып,жылдыулық шенберін орындаған.Бөлме іші тақырыпқыңа сай безендірлген.

-Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі ,-деп сұрады тәрбиеші.-Көктем деп жауап берді. Тосын сәт-топқа ызыңдан бір ара ұшып келеді.-Сәлеметсіндер ме балақайлар. Бал жинайын десем гүл жоқ, маган көмектесіндерші. Тәрбиеші балаларды шығармалыдыққорталыққа апарып,аладын ала үlestіріп қойған гүлдің суреттерін ТРИЗ технологиясы бойынша боятты. 1-топ-ТРИЗ,2-ТОП-ГҮЛ ҚҰРАСТАРЫП, ЖАПСЫРДЫ,3-топ-гүлдерді бояды.Аяқтаған соң,орындарына отырады. Сергіту сәтін жасатты. ,логикалық ойын жүргізді. Рефлективті-жөндеуші бөлімінде сұрақ-жауап жүргізіп, оқу қызметін қорытынышылады. Балаларды мақтап-мадақтады.

Жетістігі: Топты тақырыпқа сай жақсы безендірген. ТРИЗтехнологиясын қолданды

.Кемшілігі: Оқу қызметіне дене шынығтыру элементтерін кіргізу керек еді.Баланың тілдік қорын дамытуға көбірек жаттығулар жүргізу керек еді.

Тәрбиеші Адилова Айгерімге 4(жақсы) деген баға беріледі деді менгеруші.

Сөйлегендер:

Молдабек Гүлчехра, мен Адилованың оқу қызметіне кірдім. Балдары еркін журді, тәрбиешінің дауысы жағымды, балаларды бірден баурап алды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Әдіскер М.Тұңғатованың баяндамасы хаттамаға тігілсін.
3. «Бақылау және басқарудың» қорытындысы бойынша барлық тәрбиешілерге 4(жақсы) деген баға берілсін.
4. Психолог А.Бердібаеваның тренингі хаттамаға тігілсін.
5. Әдіскер М.Тұңғатоваға «Іскер ойын»ды жоғары дәрежеде өткізгені үшін 5(өте жақсы) деген баға берілсін.
6. А) Ашық ҰОҚ өткізген тәрбиеші С.Құрбановаға 4(жақсы) деген баға берілсін.
Б) Ортаңғы топта ашық ҰОҚ өткізген тәрбиеші А.Адиловаға 4(жақсы) деген баға берілсін.

Педагогикалық кеңес тәрайымы

Хатшы

29.04.2021 жыл.

А.Жаштаева.

Г.Молдабек.

Педагогикалық кеңес

№5-Хаттама

22.05.2021-ж.

Қатысқандар саны: 11.

Тақырыбы: «Дені сау үрпақ-болашақ ұлт кепілі».

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің лрындалуы туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі туралы. Әдіскер М. Тұнғатова.
3. Жаз мезгіліндегі іс-шаралар жоспары мен сабак кекстелерін бекіту туралы. Менгеруші - А.Жаштаева.
4. Балалардың және тәрбиешілердің қорытынды мониторинг туралы. Менгеруші А.Жашатаева.
5. Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін талдау туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А. Бердібаева .
 1. Тыңдалды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапар қызы сөз сөйледі. Әдіскер М.Тұнғатованың жазған баяндамасы хаттамаға тігілді. Психолог А. Бердібаеваның өткізген психотренинг материалдары хаттамаға тігілді. Тәрбиешілердің «Қазағымның салт-дәстүрлері атты жазған эсселері хаттамаға тігілді».
 2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері М. Тұнғатова тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп берулріне тоқталды. –Құрметті әріптер, 2020-2021 оқу жылында қай тәрбиеші қандай тақырыпта қандай тақырыпта қандай ашық оқу қызметін өткізді? Я болмаса баспасөзге жариялады ма? Сол жөнінен есеп беріп отейін.
 1. «Ертеңі терапиясы» .Молдабек Г.
 2. «Жобалау технологиясы» -Жаштаева А.
 3. «Денсаулық технологиясы» -Адилова А.
 4. «ТРИЗ» технологиясы. –Баубекова А.
 - 5.« Баланы ұжымдасуға тәрбиелееудің жолдары».-Бердібаева.
 6. «Театр және балабақша » -Сейдазимова Ж.
 7. «Бұлдіршіндерді салауатты өмір салтына дағдыландыру» -Сұндетова К.
1. 2020-жылы 26 қазан күні «Балапан » кіші тобында ТРИЗ Технологиясын пайдалана отырып, «Шалқан » ертеңі бойынша ашық үйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Кітап шығаруға талпыныс жоқ .

2. 2019-жылы 30-мамыр күні меңгеруші Жаштаева Айша Сапарқызы «Ең үздік басшы-2019» сайсына (облыстық) қатысып,3-орынға ие болып қайтты. 2012-жылы «2-сәбілдер тобындағы қаралайым математика» атты әдістемелік нұсқаулық шығарды. Жетісай аудандық білім бөлімінің мдү кеңесінде бекітілді. 2013-жылы осы балабақшада аудандық семинар болып, семинарда «Витаминдермен дос болайық» атты жобаны қорғап шығып, педагогтармен тәжірибе бөлісіп, жобаны осылай қорғауға болатынын дәлелдеген.
3. 2020-жылы 22-қаңтарда тәрбиеші Адилова Айгерім «Балдырыған» Ересек тобында «Құмырсқа мен шегіртке» атты ашық үйымдастырылған оқу қызметін өтті. Сондай ақ, «Әсем мұнаралар» атты оқу қызметін үйымдастырды.
4. 2020-жылы желтоқсан айында тәрбиешілер эссе жазып,,ең үздік эссе тәрбиеші Сундетова Кларанікі болды. Сондай-ақ, Сундетова Клара 2015 –жылы Аудандық «Өркен» газетіне «Сиқырлы сандық» және «Жігіт сұлтаны-2015» атты сайыс үйымдастырылғаны жөнінде газет бетінде жариялаған . Өкінішке орай оқу –әдістемелік құрал жазбаған. –Құрметті тәрбиешілер, 3 жылды 1 рет бір тақырып бойынша ашық сбақтар, кітап, газет-журналдарға материал беріп, көпшіліктің талқысына салып, үлкекн еңбектің нәтижесін, сонында жемісін көруге бағыттайтын және білімімі мен біліктілігін арттыра түсетін бірден –бір басты талап ретінде қарауымыз керек.

Сөйлегендер:

Еспенбетова Мәлдір, тәрбиеші: -Құрметті әріптестер, Айша апай, айтқан сөздерңіздің үәрі орынды. Алдағы уақытта әдістемелік құрал жазуға әрекет етеміз деп, сіздерді сендей аламын.

3. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жашатаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді. Ол өз сезінде : - Құрметті тәрбиешілер! Тағы бір оқу жылын артқа қалдырып, оқу жылын жақсы нәтижелермен аяқтадық. Тәрбиеленуші балаларымыз бойларына білім мен білікті сіңіріп, 1 жасқа есейді. Сіздер де 1 жыл бойы аянбай еңбек етіп, енді жыл сайынғы еңбек демалысына шыққалы отырсыздар. Бірақ балабақша жұмысы, үдерісі тоқтамайды, тәрбие мен білім беру процесі жалғаса берері сөзсіз. 2018-2019 оқу жылы аяқталып, жаз мезгілінің іс-шараларын үлкен жауапкершілікпен атқарамыз. Жазғы –сауықтыру шараларының мақсаты: Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту, танымдық, эмоциялық, жеке-тұлғалық даму үшін үлкендердің күшін біріктіру, қимыл-іс-әрекет белсенділігін, тіл байлығын жетілдіру. Ойлап тапқыштық және қиялдау қабілеттерін дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын күнделікті ережеге сай орындау. : жалаң аяқ журу, күн ваннасын қабылдау, Рига әдісі, таза ауада серуендеу, Саяхат жасау, Табаиғат аясында ойын түрлерін балалармен бірге өткізу. Тағам рационын Авитаминдеріп, жеміс-жідек тер мен кекеністерді көптеп беру. Балалармен бірге жұмыс жүргізуге арналған тақырыптар тәмендегідей:

1. «Көнілді аэробика!»(Шілде) ортаңғы топ.
2. «Бас қалам-Нұрсұлтан». (шілде) «Балдырыған» Ересек тобы. Тәрбиеші- Сундетова Клара.
3. «Бақытты балалық шақ». «Баладырыған» Ересек тобы. (маусым) Тәрбиеші-Адилова А.
4. «Көнілді старт» (шілде) «Балапан» кішітоп. А. Баубекова.
5. «Ертеғілер еліне саяхат» (шілде) кіші топ » -тәрбиеші – Еспенбетова М.
6. «Жеміс-жидектер тереміз»(Тамыз) «Еркетай» ерте жас тобы. Тәрбиеші-Молдабек Г.

7. «Үй жануарлары»(Тамыз) «Балдырған» ортаңғы тобы. Психолог –А.Бердібаева.
8. «Әр қашан құн сөнбесін!». (Тамыз) «Айгөлек» ортаңғы тобы. Психолог –А. Мұсылманқұлова.
4. Тыңдалды. Балабақша мәңгерушісі А. Жаштаева сөз алды. Ол өз сөзінде 2020-2021 оқу жылында балалар мен тәрбиешілердің мониторингі қандай деңгейде екенін айтЫп өтті.

«Денсаулық» Білім саласы.

1. «Еркетай » ерте жас тобы – 1-деңгей-13,3, 20-деңгей-66,7, 3-деңгей- 23,0.
2. «Балапан» 1-кіші тобы. 1денгей-20.0, 2-деңгей-45. 3-деңгей-35.
- 3 « Балдырған» ортаңғы тобы. 1-деңгей-30., 2-деңгей 55., 3-деңгей-30.
4. «Айгөлек»2-кіші тобы-1денгей -20., 2-деңгей-2., 3-деңгей- 28

«Коммуникация»

1. «Еркетай» ерте жас тобы-1-деңгей-73,3., 2-деңгей-20.,3-деңгей -6.7.
2. «Балапан» 1-кіші топ-1-деңгей-20.,2-деңгей-60., 3-деңгей- 20.
3. «Айгөлек » 2-кіші,1-деңгей-20.,2денгей-64.,3-деңгей-20.
4. «Балдырған»ортаңғы топ- 1-деңгей-4.,2днгей- 48.,3денгей-48.

«Танымдық» дағды

1. «Еркетай»ерте жас тобы-1-деңгей-53.3
2-деңгей-53,3
2. «Балапан» 1-кіші топ-1деңгей-15.,2-деңгей-65.,3-деңгей-20.,
3. «Айгөлек» 2-кіші топ, 1-деңгей-0,2-деңгей-68.3денгей-32.
4. «Балдырған» ортаңғы тобы- 1денгей-24.,2денгей-52.3-денгей-24.

«Шығармашылық»дағылар

1. «Еркетай» ерте жас тобы-1-деңгей-жоқ., 2денгей-86,7, 3денгей-13,3
2. «Балапан» 1-кіші топ-1деңгей-0,2денгей-80. 3деңгей-20.
3. «Айгөлек» 2-кіші топ-1деңгей- 0. 2денгей-52,3денгей- 48.
4. « Балдырған» ортаңғы топ- 1-деңгей-20. 2денгей-64.т 3денгей-16.

1. «Еркетай» ерте жас тобы-1денгей-53, 5. 2денгей-40.3денгей-6,7.

2. «Балапан» 1-кіші топ-1денгей-53,2денгей-40.3денгей-6.7.

3. «Айгөлек» 2-кіші топ-1денгей-0.2денгей-92.3денгей-8.

4. «Балдырған» ортаңғы тобы. 1денгей-32.2денгей-64.3денгей-4.

Тәрбиешілердың біліктілік деңгейі орта есеппен 2-деңгейдің құрайды.

Тамыз айының №1-педагогикалық кеңесте атқарылған жұмыстардың есебін кең түрде диаграмма арқылы, кемшиліктер мен жетістіктердің кеңінен талқылайтын боламыз.

5. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі сөз сөйлемді. -2020-жылдың 10-маусым айында кіші «Балапан» тобында «Бауырсақ» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.

Жетістігі: Көрнекіліктері эстетикалық талғаммен жаслған.

Кемшилігі: Баллармен тәрбиешінің арасындағы қарым – қатынас төмен тәрбиеші А.Баубековаға көп ізденип, тәжірбе жинақтау керек.

6. Тыңдалды. Балабақша психолог А.Бердібаева психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1. Откен кеңес шешімдері орындалды.

2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыс бойынша ашық оқу қызметтерін жүргізсін.

3. Жазғы-сауықтыру іс-шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

4. Баллармен тәрбиешілердің біліктілік деңгейіне қанағаттанарлық баға берілсін.

5. Тәрбиеші А.Баубековаға 3(орта) деген баға берілсін.

6. Психолог А.Бердібаева қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

А.С.Жаштаева.

Хатшы

К.Сұндетова.

22.05.2020ж.